



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2024 жылғы 23 қазанда жарияланды*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрінің орынбасары  
С. Жұманғаринге**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Серік Мақашұлы!

Мемлекет басшысы Үкіметке ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу үлесін 70%-ға жеткізуді, «Азық-түлік корпорациясының» жұмысын оңтайландыруды тапсырған еді.

Дегенмен, жыл сайын фермерлер алған өнімдерін өткізе алмай әлек болуда, биыл қант қызылшасын өткізу ерекше проблемаға айналып тұр. Ол туралы «Ауыл» фракциясы өткен отырыста жариялаған болатын.

Еңбек адамдарының қажырлы еңбекпен жинаған өнімдерден пайда емес, шығынға ұшырағаны бізді қатты қынжылтады. **Бұл біріншіден.**

**Екіншіден,** Былтыр өңдеу кәсіпорындарының жалпы қуаттылығы 30-40 пайызға ғана жүктеліп, тамақ өнімдерін өндіру көлемі 3,1 трлн теңгені құраған, бірақ оны өңдейтін кәсіпорындардың қуаттылығы болсада, толықтай жұмыс жасамауда.

Осының барлығы мемлекеттік органдардағы жүйелі жұмыстарының жоқтығынан!!!

**Үшіншіден,** өткен жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемі 2,4 пайызға азайған.

Біз, астық өңдеуді агроөнеркәсіп кешенінің қозғаушы күштерінің бірі екенін үнемі айтамыз.

Бірақ, экспортқа көбінесе ұн емес, бидай шығады.

Мысалы, бидайы жоқ Өзбекстан мен Тәжікстанда оны өңдеу белсенді дамып келеді.

Бүгінде Өзбекстан 1 миллион тоннадан астам **біздің** астықты өңдеп, ұн экспорты бойынша дүние жүзіндегі алғашқы үштікке енді.

Біз осы бағытта қашан кешенді жұмыс атқарамыз?

**Төртіншіден,** Үкімет сүт, ет, майлы дақылдар, күріш, жүгері, қарақұмықты өңдеу үлесін 2026 жылы 70 %-ға дейін жеткізуді, ал 2028 жылға дейін тамақ өнімдерін өндіру көлемін 4,5 трлн теңгеге дейін ұлғайтуды жоспарлаған.

Бірақта, Кешенді жоспарда бұл көрсеткіштерге қол жеткізетін нақты қадамдар толықтай көрсетілмеген.

**Бесіншіден,** Үкімет тарапынан «шикізат – өңдеу – сату -тұтынушы» деген бір тұтас көзқарас жоқ.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері тек Ауылшаруашылық министрлігіне жүктелген.

Негізінде, бұл мәселелер барлық мемлекеттік органдардың жауапкершілігінде болуы қажет.

**Алтыншыдан,** Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өнімдерді мемлекеттік сатып алу механизмдері кеңінен қолданылады, техникалық құрал-жабдықтарды алуда ешқандай қиындықтар көрмейді.

Біздің елде бұл механизмдер неге зерттеліп, қолданылмайды?

**Жоғарыдағыларды ескере отырып, келесілерді ұсынамыз:**

**Бірінші,** фермерлерден шикізат сатып алу механизмдерін енгізіп, Президент тапсырмасына сәйкес «Азық-түлік корпорациясын» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың және өткізудің толыққанды желісіне айналдыруды;

**Екінші,** «шикізат – өңдеу – сату - тұтынушы» қағидаты аясында фермерлердің жұмыстарын жандандырып, салаға қызығушылықтарын арттыру үшін оларды барлық салықтан босатуды;

**Үшінші,** отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында мемлекеттік, квазимемлекеттік, мұнай және тау-кен саласындағы компанияларды өзіміздің тамақ өнімдерімізді кеңінен тұтынуына, сатып алуларына іс-шара қарастыруды;

**Төртінші,** кәсіпорындардың өндірісіне қажетті сырттан келетін технологиялық құралдарды кедендік төлемсіз әкелуіне бағытталған тиісті шешімдерді қабылдауды;

**Бесінші,** Өнеркәсіп және құрылыс, Сауда және интеграция министрліктеріне жүн-тері - мақта өңдеу өндірістерін жаңғыртуға байланысты нақты жол картасын дайындау тапсырылсын, ал Ұлттық экономика мен Қаржы министрліктеріне ауыл шаруашылығы жөнінде қабылдаған бағдарламаларды уақытылы және толық мөлшерде қаржыландыру талап етілсін!

Аталған шаралардың барлығы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге оң септігін тигізетіні анық.

Осы сұрақтарға заңнамаға сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

**Ауыл» партиясы фракциясының депутаттары**

**Жигули Дайрабаев**

**Анас Баққожаев**

**Серік Егізбаев**

**Аян Зейнуллин**

**Қарақат Абден**

**Николай Арсютин**

**Ерболат Саурықов**

**Таңсауле Серіков**

*Орын: Д.Жұмаділов  
Тел: 74-67-67*